**№2 Балалар музыка мектебінің басты атқаратын жұмысының бірі** – болашағы бар талантты балаларды ғана емес, сонымен қатар мектеп жасындағы барлық балаларға музыкалық білім беру болып табылады. Олардың әрқайсысы мектеп бітірген соң музыканың қадір-қасиетін білетін, классикалық және басқа жанрлы музыканы түсінетін, шығармашыл және ойлау қабілеті біржақты емес, жан-жақты тұлға болып қалыптасуы тиіс.

**Мектептің басты бағыттары:**

- Жоғары мәдениетті және шығармашылық ойлау қабілеті бар тұлға қалыптастыру;
- Жалпыға ортақ интеллектуалды және рухани дамытуға арналған идеяларды қолдау;
- Музыкант кәсібін еркін түрде таңдауға дайындау;
- Шығармашылық-эстетикалық сипаттағы білім беру бағдарламаларын дамыту, оларды білім алушыларға үйрету;
- Алған білімдерін шығармашылық тұрғыда пайдалана алатын тұлға дайындау;
- Өнерге тәрбиелеу;
- Білім алушылардың денсаулығы мен өмірін, құқығы мен қызығушылығын қорғау.
- Музыкалық шығармашылықпен айналысқысы келетін әрбір жанға білім беретін мекемені қалыптастыру;
- Мәдениет және өнер саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру процесіндегі білім беру модернизациясына сай баланың дамуына жағдай жасау;